

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және Мұнай-Газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

Жарылқасын Сабыржан Алмабекұлы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер
асты су қорын бағалау

Дипломдық жобаға
ТҮСІНДІРМЕЛІК ЖАЗБА

5B070600 – Геология және пайдалы қазба кен-орындарын іздеу және барлау

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы геология және мұнай-газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

МжГГ кафедрасы меңгерушісі,

геол-минерал ғыл.канд,

ассоц. профессор

Т.А.Енсеппбаев

« 24 » 05 2019 ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: “Қызылорда облысы Жаңақорған ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты су қорын бағалау”

Мамандығы 5В070600 – Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау


Орындаған



Жарылқасын С.А.

Ғылыми жетекші,

Ассоц профессор

 А.С. Досхожаев

« 18 » мамыр 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Қ.Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институты

Мұнай және газ геологиясы кафедрасы

5В070600 – Геология және пайдалы қазба кенорындарын барлау

БЕКІТІЛДІ

МжГГ кафедрасы меңгерушісі,
геол – минерал ғыл.канд,
ассоц. профессор

Т.А.Енсеппбаев

« 03 » 05 2019 ж.

**Дипломдық жобаны орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы *Жарылқасын Сабыржан*

Тақырыбы: *Қызылорда облысы Жаңақорған ауылын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін жер асты су қорын бағалау*

Университеттің № 1168-б «17» қазан 2018 ж. бұйрығымен бекітілген

Орындалған жобаның өткізу мерзімі «30» сәуір 2019 ж.

Дипломдық жобаның бастапқы мәліметтері: Диплом алды практикада жиналған сызба және жазба материалдары

Дипломдық жобаның талқылауға берілген сұрақтарының тізімі:

а) Жалпы бөлім

б) Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері

в) Экономикалық бөлім

Графикалық материалдардың тізімі (міндетті түрде қажет сызбалар көрсетілген):

1. Ауданның геологиялық картасы 1:10000;

2. Ауданның гидрогеологиялық картасы 1:200000;

3. Арал – Сырдария сушаруашылық бассейнінің көрінісі;

Сызба материалдарының 7_слайдта көрсетілген.

Ұсынылған негізгі әдебиет


1 Чакабаев С.Е., Гидрогеология СССР. Южный Казахстан. М., Недра, 1972. 15-18 б.

Дипломдық жобаны орындау*
КЕСТЕСІ

Бөлім атаулары, дайындалатын сұрақтардың тізімі	Ғылыми жетекшіге, кеңесшілерге өткізу мерзімі	Ескерту
Негізгі бөлім		
Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері		
Экономикалық бөлім		

Аяқталған дипломдық жобаның және оларға қатысты диплом жобасының бөлімдерінің кеңесшілерінің және қалып бақылаушының

Қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер	Қол қойылған мерзімі	Қолы
Негізгі бөлім	А.С. Досхожаев, Ассоц профессор	15.05.19	
Жобаланған жұмыстардың әдістемесі, көлемі және түрлері	А.С. Досхожаев, Ассоц профессор	16.05.19	
Экономикалық бөлім	А.С. Досхожаев, Ассоц профессор	16.05.19	
Нормалық бақылаушы	Э.М.Көлдеева PhD докторы, лектор	18.05.19	

Ғылыми жетекшісі, Ассоц профессор  Досхожаев А.С.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы  Жарылқасын С.А.

Күні «24» ақпан 2019 ж.

АНДАТПА

Жұмыстың мақсаты: берілген аумақтағы тарихи материалдарды және геофизикалық аномалияларды пайдалана отырып, жерасы суларына іздеу жұмыстары жобаланады және инженерлік – геологиялық зерттеулер жүргізіледі.

Жобаның әдістемесі: Аэрогеофизикалық, қазба жұмыстары жобаланады. Инженерлік – геологиялық және гидрогеологиялық сынама алар алу көзделеді. Ауданның география-экономикалық жағдайы, геологиялық ерекшеліктері зерттелді.

Дипломдық жоба 30 беттен, 3 қосымшадан тұрады және иллюстрациялық слайдпен бірге жүреді.

Негізгі сөздер: Жерасты сулары, геологиялық барлау, гидрогеологиялық шарттар.

АННОТАЦИЯ

Цель работы: проектировать поисковые работы в подземные воды с использованием исторических материалов и геофизических аномалий на данной территории, а так же исследовать инженерную – геологическую часть листа.

Методика проекта: проектируются аэрогеофизические, раскопочные работы. Предусматривается отбор инженерно – геологических и гидрогеологических проб. В ходе работы были изучены геологические особенности, географо-экономическое положение района. Проектировались аэрогеофизические, раскопочные и буровые работы.

Дипломный проект состоит из 30 страниц, 3 приложений, а так же из иллюстрационного слайда.

Ключевые слова: Подземные воды, геологическая разведка, гидрогеологические условия.

ABSTRACT

The purpose of the work: to design prospecting works in groundwater using historical materials and geophysical anomalies in the area, as well as to explore the engineering – geological part of the sheet.. In the course of the work were studied geological features, geographical and economic situation of the area.

The methodology of the project: designed an airborne geophysical survey, excavation and drilling operations. **The diploma project** consists of 30 pages, , 3 maps, as well as an illustrative slide. **Keywords:** Groundwater, geological exploration, hydrogeological conditions.

Мазмұны

	Кіріспе	7
1	Жалпы бөлім	8
1.1	Табиғи-климаттық жағдайы	8
1.2	Аумақтың инженерлік, гидрогеологиялық жағдайы	9
1.3	Гидрографиясы	9
1.4	Климаты	9
1.5	Стратиграфиясы	10
1.6	Тектоникасы	10
1.7	Ауданның гидрогеологиялық шарттары	11
1.8	Жерасты суларының сапасы	12
2	Жобаланатын гидрогеологиялық зерттеулердің әдістемесі және құрылымы	13
2.1	Дайындық кезеңі және телімнің маршрутты геологиялық-гидрогеологиялық және санитарлық-экологиялық сараптамасы	13
2.2	Тәжірбиелік – сүзу жұмыстары	14
2.3	Тәртіптемелі бақылау және зертханалық жұмыстар	14
2.4	Ғылыми өңдеу жұмыстары	15
2.5	Жерасты суларының пайдалану қорларын есептеу және суды алудың өнімділігін есептеу және жер асты суларының режимін болжау және жер асты сулардың сапасын бағалау	15
2.6	Жер үсті жер асты сулары	16
2.7	Жер (топырақ және грунт)	16
2.8	Тұрмыстық қалдықтар және жер қойнау	16
3	Экономикалық бөлім	17
3.1	Әлеуметтік бағдарламалар және басқада шығындар	18
	Қортынды	20
	Пайдаланған әдебиеттер тізімі	31
	Қосымша А Аймақтың геологиялық картасы	32
	Қосымша Б Аймақтың гидрогеологиялық картасы	33
	Қосымша В Z тереңдікпен K_A , K_n , өзгерістерінің қосарланған графигі	34
	Қосымша Г Ұңғыманың конструкциясы	34
	Қосымша Д Үсек ауданындағы ұңғымалардың геотермиялық градиентінің және температураның өзгеруі	35
	Қосымша Е Горизонттардың күтілетін қабаттық қысымы	39

КІРІСПЕ

Қазіргі өркениеттің жылдам дамып келе жатқан шағында кез-келген мемлекеттің ойлайтыны келешек ұрпақтың саулығы, барлық жағдайы жасалған экологиялық таза қоғамда өмір сүруі. Ал сондай қоғамда өмір сүріп, салауатты өмір салтын қалыптастыру үшін ең алдымен кез-келген тұтынушыға қажетті мөлшерде таза да сапалы ауыз су қажет. Үй-жай тұрмыстық шаруашылығы күрделі қазіргі таңда қалаларда су көп мөлшерде тұрғындарының мұқтаждары мен жасыл желектерді суарып баптау және де басқа мақсаттар үшін қолданылады.

Өнеркәсіп орындарында суды өте көп мөлшерде пайдаланылады. Судың сапасы мен оның дұрыс жеткізілуі өндіріс өнімдерінің сапасы мен құнына едәуір әсер етеді.

Елбасымыздың 2020 жылға дейін ауылдық елді мекендердің 90% таза, сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін алға қойып отыр. Мұндағы басты мақсат ауылдың мәдениетін, тұрмысын, шаруашылығын дамыту. Елді мекендердің қаладан кемшілігі, қазіргі заманға сай жарақталған үйлердің болмауы, медициналық қызмет көрсетудің төмендігі және де ең қиыны кейбір елді мекендерде ауыз судың сырттан тасымалданатындығы. Шешімін таппай жатқан осы мәселелер, айналып келгенде жақсы жарақталған, білімді, қазіргі заман талабына сай сапалы, әрі арзан да тиімді жобалар жасай білетін мамандарды қажет етеді.

Биологиялық өмірде су - зат алмасу мен ағзалардың дамуын қамтамасыз ететін бірден-бір негізгі орта болып табылады. Мысалы, су өсімдіктерге топырақтан қоректік заттар жеткізеді, температурасын реттеп тұрады. Өсімдіктер өздерінің биологиялық тіршілігінде топырақ арқылы бойларына өте көп мөлшерде су сіңіреді. Жергілікті тұрғындарды кәсіпорындарды сумен қамтамасыз ету, судың ағын күшін пайдалану су көлігін дамыту, жерді суару және де басқа маңызды мәселелерді шешу әрқандай өлке аумақтардың су қорларын пайдаланумен тығыз байланысты.

Дипломдық жобаның мақсаты: елді мекендегі тұрғындар санын, қоғамдық нысандар, өрт сөндіру мәселесі, өнеркәсіп және суғару нысандарын ескере отырып, ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу.

Дипломдық жобаның міндеттері:


1. Жаңақорған ауылының географиялық жағдайына, геологиялық құрылысына сипаттама беру;
2. Жаңақорған ауылында бұрғылау жұмыстарын жүргізу;
3. Жаңақорған ауылының гидрогеологиялық және геоэкологиялық маршруттық зерттеулер жүргізу;
4. Іздеу-барлау жұмыстарының қоршаған ортаға тигізетін әсерін бағалау.
5. Жобаның экономикалық бөлімін және өмір тіршілік қауіпсіздігін қарастыру.

1 Жалпы бөлім

1.1 Табиғи-климаттық жағдайы

Нысанның орналасқан жері. Жобада қарастырылып отырған Жаңақорған ауданы облыс орталығы Қызылорда қаласынан оңтүстік-шығысқа қарай темір жол бойымен есептегенде 178 шақырым, ал автомобиль жолымен есептегенде 185 шақырым қашықтықта орналасқан. Іргетасы 1928 жылы қаланып, аудан орталығы болып танылды. Ауылдың алып тұрған жер аумағы 361 га құрайды. Ауылда 26500 адам тұрады. Мектеп, аурухана, балалар бақшасы, машина, трактор және басқа механизмдер тұратын тұрақ, мәдениет үйі, монша, мешіт т.б. қоғамдық нысандар бар [1].

Жер бедері ауылдың солтүстік шығыс жағында 14 шақырымнан ары Қаратау жоталары орналасқан. Тау бөктерінен Бесарық өзені ағып шығады. Ондағы жылдық орташа су өтімі $5,4 \text{ м}^3/\text{с}$ құрайды және толығымен егістік мақсатқа пайдаланылады. Бесарық өзені көктемдегі еріген қар суымен және өте сирек жауатын жаңбыр суымен қоректенеді. Су тұздылығы аз болғанымен ауыз суға пайдалануға жетпейді (1.1 – сурет).



Сурет 1.1 Жаңақорған ауданының топографиялық картасы

1.2 Аумақтың инженерлік - геологиялық, гидрогеологиялық жағдайлары

Сыр өңірі Жаңақорған ауданындағы Қаратау бөктері бөлігінің жерінің бедері көбіне төбе-төбе болып келеді. Жазық жерлер мен төбешік сілемдер

алмасып отырады. Жер беті деңгейінің абсолюттік белгісі Қаратау сілемдерінде 1500 м абс көрсетсе, Жаңақорған ауылының оңтүстігінде 305 м абс дейін төмендейді. Жалпы планетарлық климаттық өзгерістер бұл өңірге де өз әсерін тигізуде. 10 жылдықтың бір-екеуінде таудан ағатын судың мөлшері өте азайып, таудан ағатын судың егістікке жетпей қалу фактылары көптеп кездесуде.

Өлкеде аккумулятивті біртегіс, жұмсақ қабатты жазық жерлер мен Тұранның шоқырлары, сондай-ақ жаңадан пайда болған төбешіктер мен сілемі бұрыннан сақталып қалған үстірттер кездеседі. Жобадағы аймақта жер бетінен 150 метр тереңдікте жер асты сулары бар. Шаруашылық-тұрмыстық ауыз суға өзен суын тазартпай-ақ, әрі тиімді, әрі арзан жер асты суын таңдаған қолайлы. Өйткені өзен суымен салыстырғанда, жер асты суы әлдеқайда таза болады, және қарастырылып отырған жобада жер асты суы аса тереңде емес. Бұл таңдауымыз өзен суын тазартып алатын тазарту станцияларына кететін шығынды жояды [3].

1.3 Гидрографиясы

Сипатталған ауданның гидрогеологиялық сипаты оның Сырдария артезиандық бассейінінің Солтүстік Шығыс қанатында, Қарамұрын білігінде Жаңақорған синклиналінде біршама жеңілдететін қыртыс суларының транзитті облысында орналасуымен анықталынады. Кенді борлы сулы деңгейжиек қатпарлы сулы жыныс қабаты түрінде берілген. Ол сутіректермен жоғарғытурон – коньяк, сантон және кампан – маастрихт деңгейжиектеріне бөлінеді. Барлық деңгейжиектерде су Солтүстік Батыс бағытында 1 – 10 м/тәу сүзу жылдамдығымен қозғалады.

Кампан – маастрихт тегеурінді су қабатының сулы деңгейжиектері Харасан кен орнының негізгі кенді деңгейжиегі болып табылады. Жоғарғы сутірек қызметін палеоген және неоген қабаттарының саздары атқарады. Төменгі сутірек ролін сантонның жоғары бөлігінің сазды-алеврит қабаттары атқарады. Сулы деңгейжиек тереңдігі Оңтүстікке қарай 95м – ден 700 – ге дейін тереңдей түседі. Бұл қатпарларда су сүзілу коэффициенті 2 – 7 м/тәу. Химиялық құрамы бойынша бұл сулар натрий-калийлі сульфат – хлорид – гидрокарбонатты. Жалпы минералдану мөлшері әдетте 0,5 – 0,8 г/т. Қабатты тотығу және уран кендену аймақтарының суларында уран мөлшері $2,6 \cdot 10 - 5 - 2,4 \cdot 10 - 4$ г/л болып келеді. Батысқа қарай бұл шама $1,4 \cdot 10 - 6$ дейін азаяды. Кен аймағының суларында $7,5 \cdot 10 - 6$ дейінгі мөлшерде селен кездеседі

1.4Климаты

Климаты. Аумақтың орналасқан жері Еуразия континентінің дәл ортасында болғандықтан, бұл жерде континентті климат қалыптасқан, яғни қысы өте суық, ал жазы тым ыстық болады. Қыс көбіне желді, аязда ауа

қысымы 25-30°C-қа төмендеп, кейде 40°C –қа дейін барады. Қыс кезінде әлсін-әлсін ауа райы жылып, кейде оң температураға ауысып отырады Сібір және Арктиканың салқын желінің де соғып өтетін, сондай-ақ аяз 25 градусқа дейін барады. Бірақ, ұзаққа созылмайды, артынша температураны 10 градусқа дейін жылытып жіберетін Орталық Азияның антициклоны келіп орнығады. Көктем наурызда келеді. Дала жұмыстары суландыру жүйелерін дайындаумен және екпе дақылдарды суғарумен қатар ұштастырылып атқарылады. Бұл жылдық жауынның аздығына (120-130 миллиметрден аспайды) және буланудың тым күштілігіне (булану жауын шашын ылғалынан 12 есе асып түседі) байланысты.

Арал теңізінің тартылуына және экологиялық ортаның нашарлауына байланысты соңғы жылдары қышқыл жаңбыр жауатын болды. Жауын өткеннен кейін ауыл-шаруашылық дақылдары, әсіресе, бақшалық өскіндер солып қалады. Ауаның жылдық орташа ылғалдылығы өте төмен, 52-62 пайыз аралығында ауытқып, өзгеріске ұшырап тұрады. Өсімдіктердің өсу дәуірінде ылғалдың 32%, ал тәуліктің жекелеген сағаттарында 4-7 пайызға дейін төмендеуі байқалады. Көктемде осы өлкеде Арктиканың суық ауасы жиілейді, ол бауды, бақшалықты, жалпы ауыл шаруашылығы өндірісін зиянға ұшыратады. Көктемге қарай жел-құз, тіпті шаңды боран басталады [2].

Жаз мамырда басталып, құрғақ әрі ыстық болады, қыркүйек-қазан айларында аяқталады. Маусымдағы орташа ауа температурасы +29,+35 градусқа дейін көтеріледі. Маусымның аяғына қарай шағын суаттар құрғап қалады.

Жауын-шашынның аз болуы бұл аймақтағы кең алқаптарды жайқалтып өсіруге, мол азықтық қорын молайтуды қиындатады. Екіншілік қолдан суару (оазис) арқылы ғана дамуда. Қаратау бөктері өңірінің топырақ-өсімдік әлемі шөл мен шөлейтті аймаққа тән және аратұра қара топырақ та кездеседі.

Инженерлік гидрогеологиялық жағдайлар. Сыр өңірі Жаңақорған ауданындағы Қаратау бөктері бөлігінің жерінің бедері көбіне төбе-төбе болып келеді. Жазық жерлер мен төбешік сілемдер алмасып отырады. Жер беті деңгейінің абсолюттік белгісі Қаратау сілемдерінде 1500 м абс көрсетсе, Бесарық ауылының оңтүстігінде 305 м абс дейін төмендейді. Жалпы планетарлық климаттық өзгерістер бұл өңірге де өз әсерін тигізуде. 10 жылдықтың бір-екеуінде таудан ағатын судың мөлшері өте азайып, таудан ағатын судың егістікке жетпей қалу фактылары көптеп кездесуде.

Жалпы Арал теңізі деңгейін одан әрі төмендетуі бұл аймаққа да өз әсерін тигізуде. Егісті жерлер тұзданып, алынатын өнім мөлшері кеміді. Облыс жерінде жер қыртысы тұздануда, теңіз биологиялық өзгеріске ұшырауда.

Геологиялық құрылымы жағынан облыстың негізгі бөлігі ғылыми әдебиеттерде Сырдария ойпаты мен аса зор сопақша шұңқыр сияқты болып келеді. Осынау ойпат бірнеше жылдар бойына Сырдария арнасы мен оның айнала таулы қыраттардан қосылатын тармақтары арқылы ағып келетін қатты шөгінділермен толыққан.

Өлкеде аккумулятивті біртегіс, жұмсақ қабатты жазық жерлер мен Тұранның шоқырлары, сондай-ақ жаңадан пайда болған төбешіктер мен сілемі бұрыннан сақталып қалған үстірттер кездеседі. Жобадағы аймақта жер бетінен 150 метр тереңдікте жер асты сулары бар. Шаруашылық-тұрмыстық ауыз суға өзен суын тазартпай-ақ, әрі тиімді, әрі арзан жер асты суын таңдаған қолайлы. Өйткені өзен суымен салыстырғанда, жер асты суы әлдеқайда таза болады, және қарастырылып отырған жобада жер асты суы аса тереңде емес. Бұл таңдауымыз өзен суын тазартып алатын тазарту станцияларына кететін шығынды жояды [3].

Ылғалдың тапшылығының ауытқуы абсолютті ылғалдылық пен ауа температурасының өзгеруіне сәйкес келеді.

Ауаның жоғары температурасында айтарлықтай ылғал тапшылығы көп мөлшерде булануды тудырады.

Жиі желдер – бұл аймақтың климатының сипаттамаларының бірі. Желдің басым бағыты - батыс, сирек шығыс және солтүстік-батыс. Желдің жылдамдығы 1,4 – 2,8 м / сек.

1.5 Стратиграфиясы

Рудалы ауданды құрайтын геологиялық формациялар үш құрылымдық ярустан – іргетастың метаморфты және дислокацияланған түзілімдерінен, платформалық бор – палеоген-миоцен терригендік шөгінділерден және тектогенездің суборогендік кезеңінің жоғарғы плиоцен-антропогендік жинақтарынан тұрады. Платформалық шөгінділермен жабылған іргетас орта девонның Түлкібас кен қабатының метақұмдақтарынан, метаалевролиттерінен, жоғарғы девонның фемен ярусының әктастары мен доломиттерінен, төменгі карбонның карбонаттық жыныстарынан, кейінгі палеозой жасындағы интрузиялармен шаншылған гранитоидтардан тұрады. Жанасып жатқан тау массивінің 16 аршылған бөлігінде көрсетілгендерден басқа ордовиктің құмды-сланецті шөгінділері және протерозойдың эффузивті-шөгінді жыныстары байқалады [1]. Бүкіл рудалы ауданның руда ұстап тұрушы құрылымы мерзімі жоғары бормен белгіленген аллювиалды, аллювиалды-пролювиалды және делювиалдыпролювиалды генезистердің платформалық континенталды шөгінділердің кристалдық палеозой негізінде жатқан қабат болып табылады. Аудан шекарасындағы мезозой шөгіндісінің қосынды қалыңдығы 270-290 м құрайды.

1.6 Тектоникасы

Сырдария депрессиясы солтүстік-шығысында және оңтүстік шығысында Үлкен Қаратау, Қаржантау, Ұғам, Піскем, Шатқал және Құрама тау жоталарымен, оңтүстігінде Нұратау жотасымен, батысында Орталық Қызылқұммен және солтүстігінде Жосалы қыратымен шектеледі. Ол

негізінен қалыңдығы 2,5-3 км бор шөгінділерінен, палеогеннен және неогеннан тұрады. Бұл депрессияның шығыс және оңтүстік-шығыс бөліктерінде Сырдария уран рудалы провинция (УРП) жатыр. Оның территориясының табиғи «Өсі» - Сырдария өзені.

1.7 Ауданның гидрогеологиялық шарттары

Ауданның гидрогеологиялық шарттары негізінен, геологиялық құрылыспен, рельеф сипатымен және сипатталатын ауданның климаттық шарттарымен анықталады.

Сулы горизонттардың және кешендердің орналасуы кимадағы стратиграфиялық орналасуымен, су тасушы жыныстардың литологиялық құрамымен, сондай-ақ жер асты суларының берілуімен және қозғалысымен қамтамасыз етіледі. Төменде бөлінген су тұтқыштар мен кешендердің қысқаша сипаттамасы берілген [7].

Жоғарытөрттіккаллювиалды шөгінділердің сулы горизонты (aQ_{III}). Аталмыш сулыгоризонт Сырдария, Бесарық, өзендерінің жайылма үсті террасаларының II және III-і шөгінділеріне қосылған. Су Суарылатын шөгінділер линзалармен қойтас-малтатас және қабаттарда үгіндітастар, қиыршық тастар, құм кездеседі. Жер асты сулар грунтты және тереңдігі 12,8-14,2 м ұңғымалармен (№131, №170) ашылады. Суарылған қабаттың қалыңдығы 22,2 м. Ұңғыма шығысының жылдамдығы 5,0 л/сек төмендегенде 5,4 м құрайды. Тұщы судың минералдануы 0,2 г/л. Химиялық құрамы бойынша гидрокарбонатты-сульфатты және гидрокарбонатты кальцилі.

Жер асты суларының қоректенуі атмосфералық жауын-шашын, жер үсті ағындары мен сулы горизонттармен байланыстағы ағынды салдарынан жүреді.

Іле кен қабатының орта-жоғарыплиоценді шөгінділердің кездейсоқ таралған сулары (N₂²⁻³il). **Су таситын тастар - қылшық тастар, қиыршықтастар, ұсақ тастар, әр түрлі түйіршікті құмдар, саз және саздақ қабаттарының аралықтары мен линзалары түрінде жатыр.**

Тау жыныстарының су мөлшері әр түрлі, ұңғымалардың жылдамдығы 3,1-35,4 м тереңдікте 0,3-2,0 л/сек аралығында өзгеріп отырады, нақты жылдамдықтары 0,01-ден 0,5 л / сек-ке дейін өзгереді. Су негізінен қысымды және 82,10-200 м тереңдікте ашылған. Белгіленген деңгейдің тереңдігі 16,4-120,5 ауқымында ауытқиды. Жер асты сулары, әдетте, 0,6-1,0 г/л минерализациясы бар. № 127 ұңғыма ғана ерекшеленеді, мұнда минералдануы 1,5 г/л сулар кездеседі. Химиялық құрамы бойынша, негізінен натрий сульфаты, хлорид-сульфат натрийлі. Жалпы қаттылық 1,8 мг-экв/л-ден 14,0 мг-экв/л-ге дейін өзгереді. Іле кен қабатының шөгінділеріндегі жер асты суларының берілуі көрші су қоймаларының ағысынан жүзеге асады.

Су өткізгіш, бірақ іс жүзінде сусыз жыныстардың таралуы

Су өткізетін, бірақ іс жүзінде сусыз, қазіргі заманғы, жоғарғы-төрттік-заманауи, жоғарғы төрттік және орта төрттік аллювиальды, аллювиалды-пролювиалды, делювиалды-проливиалды шөгінділер Сырдария өзенінің аңғарында және таудың етегінде аздап таралады.

Олар малтатастар, қиыршық тастар, саздауыттармен ұсынылған. Олардың қалыңдығы 0,5 – 5,0 м-ден аспайды, сипатталған шөгінділердің қуаттылығы толық дренаждалған [12].

1.8 Жер асты суларының сапасы

Миоцен-плиоценнің жер асты сулары сульфатты және хлорид иондарының (80% мг-экв) дейін тұрақты өсуімен, минералданудың жоғарылауымен (2,9 г/л дейін) және зиянды микро компоненттердің болмауымен сипатталады.

Төменде Сырдария өзен алқабының оң жағында дамыған жерасты суларының химиялық құрамы ұсынылған.

8 Кесте – Жер асты суларының химиялық құрамы

Көрсеткіштердің атауы және өлшем бірліктері	ШРК	Компоненттің мөлшері
Әсер ететін химиялық заттар:	0	0
20° С иісі (баллы)	2	0
60° С иісі (баллы)	2	0
20° С дәмі	1,5	0
Лайлылығы, мг/л		
Құрғақ қалдығы, мг/л	1000	2500
Хлоридтер, мг/л	350	815
Гидрокарбонаттар мг/л		104
Сульфаттар, мг/л		713
Натрий және калий мг/л		828.

Келтірілген кестеден байқайтынымыз компоненттердің мөлшері 2015 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан Республикасы ҰҚК-нің № 209 бұйрығымен бекітілген санитарлық ережелермен, қолданыстағы нормативтерден асып түседі.

Пайдалану кезінде су тұтқышты жер асты суларының санитарлық-бактериологиялық жағдайы дұрыс.

Ұңғыма учаскесіндегі жер асты сулары сапалы болып табылады және суды ауыз су жағдайына дейін өңдеген жағдайда ауыл шаруашылық мақсаттары үшін пайдалануға болады [14].

2 Жобаланатын жұмыстар әдістемесі, түрлері және көлемі

Осы жобада көзделген жұмыстардың түрлерін толық көлемде іске асыру келесі 25 жылға С₁ категориясы бойынша жерасты суларының пайдалану қорларын бағалауды жүргізуге мүмкіндік береді, олар негізінде Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы Ботамойнақ ауылын шаруашылық – ауыз сумен жабдықтау ұйымдастырылатын болады (Б қосымшасы Б.1 – сурет).

2.1 Іздестіру – барлау жұмыстары учаскелерін гидрогеологиялық және санитариялық – экологиялық зерттеу

Іздестіру – барлау жұмыстарының учаскелерін гидрогеологиялық және санитарлық – экологиялық тексеруді құрамында бірінші категориядағы екі гидрогеолог және УАЗ – 469 автомобилінде жүргізуші бар далалық отряд орындайтын болады.

Участкелік ауыл шегіндегі маршруттардың ұзақтығы орта есеппен 30 қ.км. құрайды. Маршруттардың жалпы ұзындығы – $1 \cdot 30 = 30$ қ.км.бойынша.

Дала отрядының кәсіпорын базасынан (Тараз қ.) жұмыс учаскелеріне дейін және жолдар бойынша кері көшуі 6.2.1 – кестеде келтірілген жолдар бойынша 18 қ.м құрайды, ал іздестіру – барлау жұмыстары учаскелері арасында – 16,0 км.

Іздеу – барлау жұмыстары учаскесіне гидрогеологиялық және санитарлық – экологиялық зерттеу жүргізуге арналған уақыт шығындары, ұқсас жұмыстардың тәжірибесі бойынша 2,0 отр/ай құрайды.

2.2 Жұмыстарды ұйымдастыру

Дала жұмыстарын жүргізу үшін техника мен персоналды жеткізу Тараз қаласында орналасқан кәсіпорын базасынан жүзеге асырылады деп жоспарлануда. Тараз қаласынан жұмыс учаскелеріне дейінгі және учаскелер арасындағы қашықтық туралы деректер төмендегі 1 – кестеде келтірілген.

1 Кесте – Тараз қаласынан жұмыс учаскелеріне дейінгі және учаскелер арасындағы қашықтық

№ өмері	Тараз қаласынан жұмыс учаскесіне дейінгі қашықтық		Жұмыс учаскесі арасындағы қашықтық, км		
	жұмыс учаскесі	Қашықтық, км	басы	дейін	қашықтық, км
	Ботамойнақ ауылы	8,0	Тараз қ.	Нөмері 5905 ұнғ	8
			Нөмері 5905 ұнғ	Тараз қ.	8

Барлығы:	8,0	:	Барлығы	16
----------	-----	---	---------	----

ВПСН (4 қосымша) сәйкес жұмыс ауданы қысқы кезең 25 қарашадан басталатын және 15 наурызда аяқталатын ІІ температуралық аймақта орналасқан. Қысқы кезеңде жұмыстарды жүргізу кезінде жұмыстарды жүргізудің жоспар – кестесіне сәйкес жобада олардың қымбаттауына шығындар көзделген.

2.3 Бұрғылау жұмыстары

Жобаланатын ұңғымаларды бұрғылаудың түрлері мен көлемдері туралы деректер 2 – кестеде келтірілген.

2 Кесте – Жобаланатын ұңғымаларды бұрғылаудың түрлері мен көлемдері туралы деректер

өме рі	Елді мекен атауы	Жлба лық тереңдік м	Ұңғы ма мақсаты	өмері н	Ұңғы ма саны	Бұрғылау түрі
	2	3	4	5	6	7
	Ботамой нак ауылы	1 70,0	барлау	5 905	1	айналма
Барлығы:		170,0				

2.3.1 Бұрғылау тәсілін және станогын таңдау

Бұрғылау жұмыстары 1БА – 15В роторлы бұрғылау станогымен, ұңғыма түбімен сазды ерітіндімен және таза сумен тура жуу арқылы (скв нөмері 5905) тікелей жуып, кернсіз орындалатын болады. Жоғарыда көрсетілген бұрғылау станогының техникалық сипаттамалары осы жобада көзделген барлау және іздеу ұңғымаларын бұрғылауға мүмкіндік береді.

2.3.2 Бұрғылау агрегатын монтаж – демонтаждау

Бұрғылау жұмыстары басталар алдында көлемі 8·20 м жұмыс алаңын дайындалады, сазды ерітіндіні дайындау және тұндыру үшін көлемі 2,0·2,0·1,5 м зумпф қазылады. Зумпф қазу жөніндегі Жер жұмыстары ІІІ

категориядағы топырақта қолмен орындалады.

Ұңғымаға арналған зумпфты ұңғылау бойынша жер жұмыстарының көлемі:

$$- 2,0 \cdot 2,0 \cdot 1,5 \cdot 1 = 6 \text{ м}^3;$$

Бұрғылау жабдығы үшін арнайы ағаш төсеніш құрастырылады, штангаларға арналған сандалдар орнатылады және бұрғылау алаңына кіретін жолдар дайындалады. Жоба бойынша барлығы 1 монтаж – демонтаж жасау қарастырылған. Бұрғылау станогын учаскеден учаскеге өту жолдар мен жолсыздықтар бойынша 16,0 км құрайды.

2.3.3 Жобалық ұңғымалар конструкциясын негіздеу

Нөмері 5905 барлау ұңғымасы. Бұрғылаудың бастапқы диаметрі 349,2 мм.

0,0 – ден 20,0 м – ге дейін бұрғылау диаметрі 349,2 мм типті үшшароштық қашаумен жүргізіледі, одан кейін +0.2 – ден 20.0 м – ге дейін диаметрі 273 мм кондуктор орнатылады, құбыр сыртындағы кеңістік цементтеледі, ОЗЦ 24 сағат қабылданады.

Бұрғылау диаметрі 244,5 мм үшшарошталы қашаумен аяқталады

Бұрғылау жұмыстары аяқталғаннан кейін ұңғымаларда ГК, КС, КС, км әдістерімен геофизикалық зерттеулер (ҰГЗ) жүргізіледі, олардың нәтижелері бойынша сүзгінің жұмыс бөлігін орнату аралықтары нақтыланады. ҰГЗ аяқталғаннан кейін ұңғымаларда диаметрі 168 мм сүзгіш бағаналар орнатылады.

Сүзгілердің жұмыс бөліктері – диаметрі 168 мм дөңгелек перфорациясы бар, тесігінің диаметрі 5 – 8 мм, тесігінің саны 1 қ.м – ге 720 дана болатын құбыр: нөмері 5905 ұңғымасы (145,0 – 160,0 м) – барлығы 15,0 қ.м.

Сүзгіш бағананы орнатқаннан кейін құбыр сыртындағы кеңістікті алдын – ала 0,0 – 100,0 м аралықта орнатылған технологиялық терезелер арқылы цементтеу жүргізіледі, ОЗЦ 48 сағат қабылданады. ОЗЦ аяқталғаннан кейін 90,0 – 100,0 м аралығында диаметрі 136,5 мм үшшарошталы қашаумен цементті "стаканды" бұрғылау орындалады. Цементті стаканды 136,5 мм –мен жалпы бұрғылау көлемі 9 қ.м. құрайды (Б қосымшасы Б.2 – сурет).

2.3.4 Бұрғылау жұмыстары технологиясы және көлемі

Ұңғымаларды бұрғылау сазды ерітіндімен тікелей жуу арқылы жүргізіледі.

Сазды ерітіндінің орташа параметрлері келесідей:

- меншікті салмақ – 1.2 г/см^3
- тұтқырлық – 20 – 25 ску

– су қайтарымдылық – 5 – 10 см³

– тәуліктік тұндыру – 3 – 4 пайыз

Сазды ерітіндіні дайындау үшін меншікті салмағы 1,9 т/м³ бентонитті балшық қолданылады.

3 Кесте – Бұрғылау диаметрі бойынша бұрғылау көлемі

өмері	Учаске атауы	Диаметрі 152,4 мм ашық оқпан	
		Тереңдігі 150 м ұңғыма	
		Диаметрі 311,1 мм категориялар бойынша, қ.м.	Бұрғылау диаметрі 152,4 мм категориялар бойынша, қ.м.
		III	VII
1	Базарбай ауылы, Нөмері 5905 ұңғымасы	25,0	125,0
	Барлығы	25,0	125,0

4 Кесте Бұрғылау категориялары бойынша бұрғылау көлемі

өмері	Учаске атауы	Диаметрі 168 м тең филтрлеуші ұңғыны бұрғылау						
		Тереңдігі 150,0;170,0 м ұңғыма						
		Диаметрі 349,2 мм категориялар бойынша, қ.м.			Бұрғылау диаметрі 244,5 мм категориялар бойынша, қ.м.			
		II	II		II I	V	II V	X
4	Базарбай ауылы, Нөмері 5905 ұңғымасы	,0	–	5,0	7,0 2	4,0 3	2,0 5	,0 37
	Барлығы	,0	–	5,0	7,0 2	4,0 3	2,0 5	,0 37

5 Кесте – Сазды ерітінді дайындау үшін саз шығынын есептеу

өмері	Бұрғылау диаметрі мм	Бұрғылаудың қ.м. саны, 1000 қ.м.	1000 қ.м – ге норма, т.	Са з шығыны, т	Ескерту
-------	----------------------	----------------------------------	-------------------------	----------------	---------

1	2	3	4	5	6
1	150 ,0 – 200,0	0.125	27.0	3. 4	ЕНИР, параграф Е14 – 23 сазды ерітінді тығыздығы г/см^3 – 1.2
	бар лығы:			3, 4	

Бұрғылау кезіндегі сазды ерітінді шығынын ескеру коэффициенті 1,1 бірге барлығы: $3,4 \times 1,1 = 3,74$ т.

6 Кесте – Барлау және іздеу ұңғымаларын бұрғылау кезінде сазды ерітіндіні дайындау үшін таза су көлемін есептеу

нө мері	Бұрғылау диаметрі d, в м.		Бұрғылаудың қ.м. саны, L, қ.м.		Су көлемі, м^3 $V = \frac{\pi \times d^2 \times L \times K}{4}$
	баст апқы	соңғ ы	баста пқы	соңғ ы	
1	2	3	4	5	6
59	0,34	0,244	20,0	150,	53,7
05	9	5		0	
Ба рлығы					53,7

Бұрғылау режимі (ротордың айналу саны, жуу сұйығы шығыны және т.б.) бұрғы агрегатының техникалық мүмкіндіктеріне және ұңғыманы қазу кезіндегі фактілік геологиялық қимасына байланысты алынады.

Борпылдақ сынықты жыныстар бойынша топырақ құрамын ескеру коэффициенті – $K = 6$.

Жуу сұйығының жоғалуы коэффициентін 1.1 ескеріп барлығы – $4,11 \text{ м}^3$

2.4 Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер (ҰГЗ)

Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер міндеттері:

- сүзгілерді орнату аралығын анықтау;
- ұңғыманың нақты диаметрін анықтау;
- палеозой жыныстарының ашық жарықшақты зоналарында суқұйылу мен су жұтылатын аралықтарды анықтау;
- тік гидрохимиялық зоналдылықты зерттеу.

Аталған объектінің ұңғымаларында қойылған міндеттерді шешу үшін келесі әдістер кешені жобаланады:

1. Стандартты электрокаротаж (КС, ПС);
2. Кавернометрия (КМ);
3. Гамма – каротаж (ГК);
4. Расходометрия (РМ);
5. Резистивиметрия (РМ*).

Каротажды жүргізер алдында ұңғыма оқпаны бірнеше сағат бойы сазды ерітіндімен жуылады және бір мезгілде ұңғыма қабырғаларының

кертiктерi мен кемерлерiн жою мақсатында тиiстi диаметрлi қашаумен оңделедi. Оқпан дайындау көлемi – 272 қ.м. құрайды.

7 Кесте – Операциялар түрлерi бойынша ҰГЗ көлемi

өмерi	Ұңғыма нөмерi	Жо балық тереңдік	Ұңғымалар саны	Геофизикалық зерттеу тәсілі, қ.м					
				К	С	С	М	М	М*
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
3	5	170	1	70,0	50,0	50,0	50,0	–	–
	905	,0							

8 Кесте – Каротажды станцияны жылжыту

өмерi	Ұңғыма нөмерi	Базадан ұңғыма учаскесіне дейінгі қашықтық		Базадан ұңғыма учаскесіне дейінгі және кері аралық, км.	
		Жолмен	Соқпақ жолмен	Жолмен	Соқпақ жолмен
1	2	3	4	5	6
3	59	8,0	1.0	16,0	2.0
	05				
4	59	7,0	1.0	14,0	2.0
	06				

Барлығы каротаждық станцияның 1 жолы орындалады.

Стандартты электрокаротажға екі зондты қондырғымен электрокаротаж және бұрғылау ерітіндісінің кедергісін беттік резистивиметрмен анықтау кіреді.

КС әдісімен өлшеу кезінде өлшеу қондырғысын көтеру жылдамдығы 1500 – 2000 м/с шегінде болады. Бұл ретте өлшеу дәлдігі негізгі жазбадан 10 пайыз аспауы тиіс.

Ұңғымалардағы геофизикалық зерттеулер ЗиЛ – 131 автомобилінің базасында СК – 1 – 74 каротаждық станцияларымен жабдықталған каротаждық отрядпен жүргізілетін болады. Операциялар түрлері бойынша ҰГЗ көлемі және каротаждық станцияның Тараз қаласындағы кәсіпорын базасынан әр ұңғымаға дейін және кері жүрісі 7 және 8 кестелерде келтірілген.

2.5 Ұңғымаларды жабдықтау

Сүзгі колонна тұрады:

– тұндырғыш – ұзындығы 5,0 – 10 м, сәйкес диаметрлі тұйық болат шегендеу құбыры, тұндырғыштың төменгі бөлігі ағаш тығынмен жабдықталады;

– сүзгінің жұмыс бөлігі – дөңгелек перфорациясы бар құбыр, 1 қ.м – ге 720 – 1400 тесік, тесіктің диаметрі 5 – 8 мм, нөмері 5905 ұңғымада ФЩО

жапсырмасымен. Сүзгі диаметрі мен түрі ГТН сәйкес таңдалады;

– пайдалану, ол сүзгіш болып табылады, бағаналар – диаметрі ГТН – ға сәйкес шегендеу болат құбырлар жер бетінен +0,5 м асып отырып орнатылады.

Жобалау ұңғымаларындағы болат құбырлар мен сүзгілер елді мекендерді шаруашылық – ауыз сумен жабдықтауды ұйымдастыру кезінде пайдаланылатын жабдықтарға қойылатын санитариялық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Ұңғымалардың құрылымы, саны, диаметрі, жобалау ұңғымаларында жеткізілетін шегендеу құбырлары мен сүзгілерді орнату аралықтары туралы мәліметтер нөмері 4 – 6 суретте келтірілген.

Жобада ФШО жапсырмасы бар сүзгілерді дайындау көзделеді:

- диаметрі 219 мм – 69,0 қ.м;
- диаметрі 168 мм – 182,5 қ.м;
- диаметрі 127 мм – 25,0 қ.м.

Ұңғымаларды шегендеу құбырларымен және сүзгілермен жабдықтау ГТН сәйкес орындалады

8.1 Кесте – Ұңғымаларда қалдырылатын шегендеуші құбырлар мен сүзгілер

өм ері	Ұ ңғыма нөмері	Шегендеуші құбырлар, диаметр, мм					ФШО жапсырмасымен сүзгілер, мм		
		25	73	19	68	27	19	8	27
	5	–	0,2	–	55,5	–		15,	–
	905	–	0,2	–	55,5	–	0		

9 Кесте – Құбыр аралық кеңістікті цементтеу үшін құрғақ цемент шығыны

нө мері	Диаметрі мм		Цементті ң саны п.м	Құрғақ цементтің шығыны 1 қ.м. цементтеу,кг.	Жалпы ауданға құрғақ цементтің барлық шығыны тн.
	Қ ашау	Ұңғ ы бағанасы			
1	2 44,5	168	900.0	33.24	29,92
2	2 79.4	219	200.0	41.0	8.2
3	3 11,1	219	50.0	41.28	2.06

4	3 49,2	273	200.0	48.48	9.7
5	3 93,7	325	40.0	36.24	1.5
Ба рлығы:					3,67

Коверналық коэффициенттің қорытындысы $1,3 - 1,3 \cdot 51,38 = 66,8$ тн.

Цементті ерітіндіні дайындау үшін су мөлшері цемент мөлшеріне суцемент қатынасы коэффициентіне 0,5 сәйкес келеді. Құрғақ цемент шығыны 5 – кесте, 81 – бет, "сумен жабдықтау және оларды жобалау үшін барлау – пайдалану ұңғымалары", негізінде есептелген, Н.С. Белицкий, В.В. Дубровский.

